

Докторантураға түсуші тұлғалар университеттің қабылдау комиссиясына және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы келесідей құжаттарды тапсырады:

- 1) университет басшысының атына еркін нысандағы өтініш;
- 2) жоғары білім туралы құжат (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде түпнұсқасы);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- 4) шетелдік азаматтарды қоспағанда, Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан (КАЗТЕСТ) тапсырғаны туралы ресми сертификат;

- 5) шет тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат;

Философия докторлары (PhD) және бейіні бойынша докторлар бағдарламасына "D017 - Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау" және "D018 - Орыс тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау" білім беру бағдарламаларының топтары бойынша докторантураға түсуші үміткерлерге шет тілін меңгергенін растайтын сертификаттар талап етілмейді.

- 6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/е нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

- 7) 3x4 сантиметр өлшемді алты фотосурет;

- 8) шетелдік азаматтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қызметін растайтын электрондық құжат;

- 9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізімі (болған жағдайда), зерттеулер жүргізу жоспары және эссе;

5) және 8) тармақшаларда көрсетілген құжаттар түпнұсқада және көшірмелерде ұсынылады, салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.